

**А. М. Шоқбарова, З. С. Утепбергенова, 2-курс**

**Ғылыми жетекшісі: А. С. Қосжанов, заң ғылымдарының кандидаты, доцент**

**(Қазтұтынуодагы Қарағанды экономикалық университеті)**

## **ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТҮСІНІГІНІҢ ТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Құқықтық мемлекет туралы толып жатқан ой пікірлер, әр түрлі теориялар бар. Бұл ой пікірлердің, теориялардың көп болатын себептері қоғамдағы барлық таптардың, ұлттардың, топтардың мұдде-мақсатына қатысты болуы. Тағы да бұл мәселе әр түрлі идеологиямен, саяси партиялармен байланысты болады.

Құқықтық мемлекет-дегеніміз адам баласы мәдениеттілігінің ең маңызды жетістігі. Оның негізгі қасиеттеріне жататындар:

- а) адамның және азаматтың құқығымен бостандығын мойындау мен қорғау;

- б) құқықтың заның жоғарылығы (үстемділігі);  
в) егеменді мемлекеттік биліктің бөліну принципі негізінде ұйымдастыру және қызметі.

Құқықтық мемлекеттің қазіргі жағдайына қарап, олардың рөлін көтермелесе тарылту керек. Себебі қазіргі кезде құқықтық мемлекет идеал, ұран, конституциялық принцип ретінде көрінсе де, қандай болмасын елде өзінің толық сінгенін көрсетеуді.

Құқықтық мемлекеттің қалыптастыру, дамыту адам қоғамның қою заманынан негізгі мақсаты болды. Қою дәуірдің ойшылдары: Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Цицерон құқық пен мемлекеттің өзара қатынасын инабаттылық, парасаттылық, әділеттілік жолымен дамуын армандағы. Аристотель: «Зан үстемдігі болмаса демократия жоқ», — деді. Феодалдық дәуірде Н. Макиавелли, Ж. Боден т. б. саяси қайраткерлер құқықтық мемлекет орнату төңірігінде көп киялданып, біраз пікірлер айттып кетті.

Құқықтық мемлекет идеаларының негізделуі, жаңа сапалы сатыға көтерілуі классикалық неміс философиясының өкілі И. Канттың (1724-1804) еңбектеріне байланысты болды. И. Кант пен қалыптастырылған маңызды «Метафизика нравов» анықтамасына байлай делінген: «мемлекет деген-көптеген адамдардың құқықтық заңға бағынған бірлігі». Онда Кант «құқықтық мемлекет» атауын қолданбаған, ол түсініктің мәніне жақындарды пайдаланған «құқықтық азаматтық қоғам», құқықтық қатынасқа мықты мемлекеттік құрылым», «азаматтық-құқықтық жағдай». Канттың анықтамасындағы ерекшелік ойшылдың мемлекеттің конструктивті белгісіне құқықтық заның үстемдігін айттымен назар аудартады<sup>1</sup>.

Кант идеяларының ықпалымен Германияда өкілеттілік бағыты қалыптасты, оны жақтаушылар құқықтық мемлекет теориясын жасауга кірісті. Оның қатарына осы бағыттың көрнекті өкілдері Роберт фон Мольді (1799-1875 ж.ж.), Карл Теодор Велькерді (1790-1869 ж.ж.), Отто Бэрді (1817-1895 ж.ж.), Фридирх Юлиус Штальді (1802-1861 ж.ж.) және Рудольф фон Гнейсті (1816-1895 ж.ж.) жатқызамыз.

Ағылшын тіліндегі әдебиеттерде «құқықтық мемлекет» атауы пайдаланылбайды. Оның белгілі дәрежедегі эквивалендік үстемдік, құқықты басқару деген мағана береді, оны алғашқы рет осы мәнінде Оксфорд университетінің профессоры Альбер Вени Дайси (1835-1922 ж.ж.) өзінің «Конституциялық құқықтың негізі» атты жұмысында пайдаланған (1855 ж.).

Маркс пен Энгельстің көзқарастары құқықтық мемлекет идеяларына негативті сипатта болады<sup>2</sup>. Конституциялық денгейде құқықтық мемлекет формуласы әлеуметтік принциппен үйлесіп, ФРГ-1949 жылғы Негізгі занында және Испанияның 1978 жылғы Конституациясында тікелей бекітілген. Осы уақытқа дейін әр түрлі нысанда ол көптеген мемлекеттердің конституцияларында бекітілген. Сонымен, құқықтық мемлекеттің белгілеріне мұналарды жатқызуға болады:

- мемлекеттік билікті адам мен азаматтың құқығы мен бостандығы арқылы тежеу (білік азаматтың белінбейтін құқықтың мойындау);
- құқықтың үстемдігі (құқықтық заның) барлық қоғам өмірінің аясында;
- биліктің зан шағару, атқару және сотқа бөлінуінің конституциялық-құқықтық принципінің тәртібін белгілеу;
- дамыған азаматтық қоғамның болуы;
- мемлекет пен азаматтың (өзара құқық пен міндеттілік, өзара жауаптылық) құқықтық карым-қатынасы;
- құқық жүйесіндегі заның үстемдігі;
- ішкі зан нормаларының жалпыға белгілі халықаралық құқық принциптеріне сай болуы;
- конституцияның тікелей іс әрекеті;
- сottы көтеру.

Мемлекетті өз жұмысын зан негізінде іске асыратын үйым ретінде ойлар, адам баласының өркениетті дамуындағы алғашқы кезеңдерде пайда бола бастаған. Жетілген және қоғам өмірінің адал нысандарын іздеу, құқықтық мемлекет идеяларымен жалғанған. Ертедегі ғалымдар (Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, Полібий, Цицерон) құқық пен мемлекеттік биліктің арасындағы қарым-қатынасты көрсетуге талаптанғандағы тілектері (мақсаттары) сол дәуірдегі қоғамды қамтамасыз ететін қатынастарды болжau болатын.

<sup>1</sup> Матузов Н. Н., Малько А. В. Теория государства и права. 2-ое изд. — М., 2002.

---

<sup>2</sup>

**Кистяковский Б. А.Философия и социология права. — СПб., 1998.**